

Ұлытау облысы білім басқармасы Жезқазған қаласының білім бөлімі «Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің педагогикалық кеңесінің №1 хаттамасынан
үзінді

29.08.2024 жыл

Катысты: 24

Катыспаған: 0

Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау туралы акпаратты "Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі" КММ ұжымының мүшелеріне жеткізу
2. Мемлекеттік аттестаттау аясында " Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі" КММ өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия құрамын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша " Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі" КММ директорының м.а. С.У.Мунтенова сөз алды, ол мемлекеттік аттестаттаудың негізгі ережелерін ұжымға жеткізді.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес профилактикалық бақылау арқылы бес жылда бір рет жүргізіледі. 2024 жылдың 9-13 желтоқсан аралығында мектептің мемлекеттік аттестаттаудан өтуіне байланысты 2024 жылдың 2 қыркүйегінен 31 қазанына дейінгі аралықта мектепте өзін-өзі аттестаттау процедурасы өтетінін айтты.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай қорытындылардың бірі беріледі:

- 1) білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келген жағдайда, аттестатталды;
- 2) білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, аттестатталмады.

Бұзушылықтар жойылмаған немесе белгіленген мерзімде есеп ұсынылмаған жағдайда білім беру ұйымы аттестатталмады деп есептеледі, бұл бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін негіз болып табылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 4-1- тармағына сәйкес білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметін өзін- өзі бағалауды жүргізеді. Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бойынша жүзеге асырылады.

Өзін-өзі бағалау мына бөлімдер бойынша жүргізіледі:

- 1) Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы.
- 2) Кадрлық құрамға талдау;
- 3) Білім алушылар контингенті;
- 4) Оқу-әдістемелік жұмыс;
- 5) Оқу-материалдық активтер;
- 6) Ақпараттық ресурстық және кітапханалық қор;
- 7) Білім алушылардың білімін бағалау;
- 8) Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы;
- 9) Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары;
- 10) Қорытындылар мен ұсыныстар.

Осы аталған бөлімдер бойынша жауаптыларды ұсынды. 7,8,9,10,11,12,13 қосымшаларды толтыруға жауаптылар тағайындалды.

Қаулы:

1.1. 2024 жылдың 9-13 желтоқсан аралығында мемлекеттік аттестаттаудан өтуіне байланысты 2024 жылдың 2 қыркүйектен 4 қазанға дейінгі аралықта мектепте өзін-өзі аттестаттау процедурасы басталсын.

1.2. «Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің барлық құрылымдары мемлекеттік аттестаттаудың ережелері мен тәртіптерін өзін-өзі аттестаттау процедурасын жүргізу айлығында өз жұмыстарында басшылыққа алсын.

1.3. Өзін-өзі аттестаттау процедурасын жүргізудің іс-шаралар жоспары жасалсын.

2-сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Т.Айтуарова «Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамын ұсынды.

Қаулы:

2.1. «Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де төмендегі құрамда өзін-өзі бағалау комиссиясы құрылсын:

Төрағасы: Мунтенова С.У. директордың м.а.

Айтуарова А.Т директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Шанкулова Г.К. директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Исаева О.А.-директордың шаруашылық ісі жөніндегі жөніндегі орынбасары.

Жанабаева С.К. – іс қағаздарын жүргізуші

Куатов Р.У.- кәсіподақ комитетінің төрағасы.

2.2. Комиссия мүшелері белгіленген мерзімде «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына сәйкес 3 жыл ішінде (2022-2023, 2022-2024, 2024-2025 оқу жылдары) ақпарат дайындасын.

2.3. Ұлытау облысы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне өзін – өзі бағалау қорытындысын мерзімінде ұсыну үшін 2024 жылдың 9 қарашасына дейін мектепте өзін – өзі бағалау сапалы жүргізілсін.

2.4. Білім беру қызметін өзін – өзі бағалау жөніндегі комиссия өзін – өзі бағалау қорытындысы бойынша қорытындыны келесі педагогикалық кеңестің қарауына енгізісін.

Кеңестің төрағасы

Мунтенова С.У.

Хатшы

Сатенова А.К.

